

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Көшерова Нүргүл Сансызбайқызы

nurgulkusherova@gmail.com

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, қауымдастырылған профессор, п.ғ.к. – Шугаева Г.К.

Аңдатпа. Бұл мақалада көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылады. Ақпараттық қоғам жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту – маңызды міндеттердің бірі. Зерттеу барысында ақпараттық мәдениетті дамытуға ықпал ететін педагогикалық, цифрлық және әлеуметтік факторлар талданады. Сонымен қатар, арнайы құралдар мен технологияларды қолданудың тиімді жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: ақпараттық мәдениет, көру қабілеті бұзылған оқушылар, инклюзивті білім беру, цифрлық технологиялар, арнайы құралдар.

Қазіргі таңда ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Әсіресе, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың, оның ішінде көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие.

Ақпараттық мәдениет - бұл тұлғаның ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және тиімді пайдалану қабілеттерінің жиынтығы. Мұндай қабілеттер заманауи қоғамда әлеуметтік бейімделудің негізгі шарты болып табылады.

Көру қабілеті бұзылған оқушылар үшін ақпаратқа қолжетімділік мәселесі әлі де өзекті. Сондықтан олардың ақпараттық мәдениетін дамытуда арнайы педагогикалық тәсілдер мен цифрлық құралдарды қолдану қажет.

Көруі әлсіреген (амблиопия және қылилық) балалар үшін көру қабілеті қоршаған ортаны қабылдаудың негізгі құралы болып қала береді. Оқу үдерісінде жетекші рөлді көру анализаторы атқарады, яғни соқыр балалардағыдай басқа анализаторлар көру қызметін толық алмастыра алмайды. Алайда педагогтар мен ата-аналардың көпшілігі баланың көру патологиясына жеткілікті мән бермейді, оның табиғаты мен ерекшеліктерін толық түсіне бермейді.

Ерте жаста пайда болған көру бұзылыстары баланың психологиялық дамуына елеулі әсер етеді: есте сақтау үдерістері баяулайды, ойлау операциялары қиындайды, қозғалыс белсенділігі шектеледі (кейбір жағдайларда қозғалыстар ретсіз сипатта болады).

Бұл санаттағы балалар мінез-құлық ерекшеліктерімен де сипатталады: агрессия, тітіркенгіштік, тұйықтық сияқты белгілер байқалуы мүмкін. Олар арнайы тәрбиелеу және оқыту жағдайларын қажет етеді, өйткені ойын барысында, оқу дағдыларын меңгеруде, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауда бірқатар қиындықтарға тап болады.

Баланың тұлғасы басқа адамдармен өзара әрекеттесу үдерісінде қалыптасатыны белгілі. Өмірінің алғашқы күндерінен бастап қоршаған ортаға бейімделу даму, тәрбиелеу және оқыту қызметтерін атқаратын қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Қарым-қатынас барысында бала ана тілін меңгереді. Ол тек сөйлеуді түсініп қана қоймай, сонымен қатар тілдің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын игереді. Сөйлеу тілі ойын және басқа да іс-әрекеттер барысында құрдастарымен практикалық өзара әрекеттесудің құралына айналады.

Бұл ретт ізденуші М.И. Лисинаның анықтамасы бойынша, қарым-қатынас – вербалды және вербалды емес ақпаратты беру мен қабылдау үдерісі, баланың дамуының маңызды шарттарының бірі, тұлғаның қалыптасуының негізгі факторы және адамның басты іс-әрекет түрлерінің бірі болып табылады. Сондай-ақ қарым-қатынас деп өзара әрекеттесуші адамдардың белгілер жүйесі, соның ішінде тілдік құралдар арқылы бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыратын белсенді әрекеті түсініледі.

Көру қабілеті бұзылған жасөспірімдердің психологиялық-педагогикалық сипаттамасы олардың белсенділігінің төмендігін, қарым-қатынаста бастамашылдықтың жеткіліксіздігін көрсетеді. Соның нәтижесінде тұлғааралық өзара әрекеттесу үдерісі бұзылып, бұл даму мен оқытуда қиындықтардың туындауына әкеледі. Әңгімелесуді қолдау және серіктеспен өз әрекетін үйлестіру дағдыларын қалыптастыру үшін көру қабілеті бұзылған балалардың диалогтік қарым-қатынас үдерісін меңгеруі аса маңызды. Себебі мектепке дейінгі ересек жаста диалог қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде кеңінен қолданылады, яғни байланыс орнату, өзара түсінісу және тәжірибе алмасу қызметтерін атқарады.

Сонымен қатар, көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту процесі олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс. Бұл топтағы оқушылардың ақпаратты қабылдауында аудиалды және тактильді арналар жетекші рөл атқарады. Сондықтан білім беру барысында ақпаратты дыбыстық және сезімдік форматта ұсыну тиімді болып табылады.

Интерактивті оқыту, жобалық әдіс, проблемалық тапсырмалар беру, зерттеушілік әрекеттерді ұйымдастыру – оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Мұндай әдістер оқушылардың дербестігін арттырып, сыни ойлау қабілетін дамытады. Сондай-ақ, көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда арнайы техникалық және бағдарламалық құралдарды да пайдалануға болады. Олар Брайль дисплейі, ақпаратқа бейвизуалды қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламалар (ScreenReader), сөйлеу синтезаторлары (RHVoice), Брайль принтерлері (Embosser), аудиожазбалар (DAISY), оқитын құрылғылар

(SaraCE), тифлокомпьютерлер, компьютер экранындағы кескінді үлкейтетін бағдарламалар (MAGic), бейнеүлкейткіштер (Toraz, Опух) және басқа да арнайы құралдар.

Осылайша, білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқу іс-әрекетінің түрлерін кеңейтуге, қолданыстағы әдіс-тәсілдерді жетілдіруге және көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда жаңа ұйымдастырушылық формалар мен оқыту әдістерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заманауи АКТ-ны қолдану арқылы ұйымдастырылған оқыту үдерісі түзете-дамыту жұмысының негізгі міндетін – тәрбиеленушінің жеке тұлғасын дамыту, оның заманауи қоғам жағдайында бағдарлану және бейімделу қабілеттерін қалыптастыру міндетін жүзеге асыруға ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім алушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып, танымдық белсенділігін күшейтеді, оқу материалын меңгеру сапасын жақсартады және көрнекілікке, сондай-ақ жетекші іс-әрекет түріне сүйене отырып, баланың бейнелі ойлауын дамытуға жағдай жасайды. АКТ баланың алдына танымдық және шығармашылық міндеттер қойып, оларды шешуге бағытталған қолайлы білім беру ортасын қалыптастырады.

Көру қабілеттері зақымдалған балаларға, яғни тифлопедагогикадағы оқыту ресурстарының бірі – ол электрондық оқу-құралдары болып табылады. Электрондық оқу құралдарының мақсаты – пәндік салада жаңа білім, білік, дағдыны жетілдіру және педагог маманның жетекшілігімен жеке режимде меңгерту. Аталған электрондық оқу құралдары тек белгілі бір техникалық командаларды орындауға арналған пернелер комбинацияларын қосу арқылы бейімдеу оларды көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған толыққанды оқу құралына айналдырмайтыны айқын. Сондықтан электрондық оқу құралына көру қабілеті зақымдалған мектеп оқушыларына арналған арнайы ақпарат енгізу, оны экрандағы бейнені үлкейту бағдарламаларын қолдану сияқты тифлотехникалық тәсілдермен толықтыру қажет екендігін ұмытпауымыз қажет.

Инклюзивті білім беру ортасы да маңызды фактор болып табылады. Мұндай ортада оқушылар тең мүмкіндіктерге ие болып, әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы ақпараттық мәдениетін дамытады. Бұл өз кезегінде олардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырып, қоғамға интеграциялануына ықпал етеді.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі де ерекше назар аударуды талап етеді. Жасөспірімдерге интернеттегі қауіп-қатерлер, кибербуллинг, жеке деректерді қорғау мәселелері туралы білім беру – ақпараттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады.

Көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту – кешенді педагогикалық процесс. Ол арнайы технологияларды қолдануды, тиімді әдістерді енгізуді және инклюзивті ортаны қалыптастыруды талап етеді. Осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде ақпараттық мәдениеті қалыптасқан тұлға тәрбиеленіп, ол заманауи қоғамда белсенді әрі табысты әрекет ете алады.

Қорыта келе, көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту – заманауи білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Бұл процесс арнайы құралдарды, тиімді педагогикалық әдістерді және инклюзивті ортаны талап етеді.

Ақпараттық мәдениеті қалыптасқан тұлға – қоғамда еркін бағдарлай алатын, өзіндік шешім қабылдай алатын және ақпараттық ресурстарды тиімді қолдана алатын тұлға. Сондықтан болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді жетілдіру және тәжірибеде кеңінен қолдану қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сабельникова С.И. Инклюзивное образование: теория и практика. – М., 2009.
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Инклюзивті білім беру тұжырымдамасы.
3. UNESCO. Inclusive Education Guidelines.
4. Kowalski R.M. Cyberbullying among adolescents.
5. ҚР «Білім туралы» Заңы.